

«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасы

Әдіскер

*Тексерілді
А. Т.Кулбаева*



Алтын күз жәрмеңкесі “Жұлдызша” ортаңғы тобы

Тәрбиешілер:Толепбергенқызы.А

Ескалиева.Ф

2024 жыл

Тақырыбы: “Алтын күз” жәрмеңкесі

Мақсаты: Балаларға жомарт күздің молшылығын сезіндіру. Ересектердің көмегімен жәрмеңкедегі тағамдарды сату, адамдармен сыпайы қарым қатынас дағдыларын жоғарылату. Мерекелік көңіл күй сыйлау.

Барысы:

Жүргізуші: Армысыздар халайық

Бармысыздар халайық

Алтын күзді жұп жазбай

Бірге қарсы алайық. Қымбатты қонақтар “Жұлдызша” ортаңғы тобының “Алтын күз” жәрмеңкесіне қош келдіңіздер. Әр жыл сайын өзінің мол ырысымен баршамызға көтеріңкі көңіл сыйлар керемет мезгіл бұл әрине күз мезгілі. Айнала сары түске боялып, аспаннан жауған ақ жауынға қуанып, табиғаттағы керемет өзгеріс уақытында барша халық жиналып жәрмеңке ұйымдастырып мәре-сәре болады. Дәл сондай көңілді күймен бізде жәрмеңкемізді бастағым келеді. Жәрмеңкеден өз қажеттіліктеріңізді тауып, жақсы сауда жасаңыздар.

Барлық есіктен,
Барлық қақпадан
Біздің жәрмеңкеге
Барлығы асыққан
Кім жақсы еңбектенсе
Сол көңілді жүреді
Жиналыңдар халайық
Жәрмеңкеге барайық

Сатушы қыздар:

Айсана: Қайырлы күн қонақтар. Біздің жәрмеңкеге қош келдіңіздер. Сіздер үшін тиімді бағада пайдалы заттарымызды ұсынамыз. Ендеше жәрмеңкені бастайық. Ыстық күйіндегі дәмді мантимыз бен ас атасы нанды қатар алыңыздар.

Алуа: Мен сіздерге ағзаңызға күш берер дәруменге бай жемістер мен көкөністерді ұсынамын. Жеміс түрлерін бүтіндей және кесілген күйінде аласыңыз болады. Көкөністерімді түйірлеп сатамын және көкөністерден жасалған дәмді салаттарымызда бар. Қалауыңызды айтыңыз.

Айнамкөз: Ал менен сіздер ыстық шәймен ішуге тәттілер ала аласыздар. Ақ астықтан жасалынған, өзінің балғын күйін сақтаған дәмді ұн

тағамдарын ұсынамын. Вафли, блины, торт, самса, пирожки

Айша: Менің сіздерге ұсынарым күз мезгілінде тұмау болмау жағдайға ішер түрлі жеміс шайлары, өрік пен мейіз және бал менен тосап. Өз денсаулығыңызды күтіп пайдалы өнімді алдын ала алып қойыңыз. Ас болсын.

Жүргізуші: Біздің жәрмеңкеден керектеріңізді тапқандарыңызға қуаныштымыз. Келгендеріңізге алғыс білдіре отырып, бүлдіршіндеріміздің сіздерге арнаған әсем әні мен биін, қызықты ойынын және тақпақтарын тамашалаңыздар.

Ән “Күз келді” Хор

Жүргізуші: Күздің сыйы мен бізге берер өнімі мол. Жомарт күзге арнаған тақпақтарымызға кезек берейік

Аягөз: Көк майсалы көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін

Әмина: Жел тынымсыз гуілдеп

Болып кетті тым суық

Шуылдайды тал, терек

Жапырағын жұлғызып

Дамир: Айнала жым жырт

Көп аспан сұрғылт

Жер жыртқан тыңда

Трактор қырда

Айкөркем:Көрініп еліме

Күндері береке

Келді ғой жеріме

Алтын күз мереке

Абдухалим: Жетті желмен алтын күз

Жеміс жинау салтымыз

Жиып теріп болған соң

Той жасайды халқымыз

Әли: Күзде дала жаурайды

Көкте бұлттар аунайды

Бұтағынан үзіліп

Жапырақтар саулайды

Нұрислам: Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп

Жүргізуші: Керемет жарайсыңдар. Енді келесі кезекте сендермен бір қызықты ойын ойнайық.

Ойын:Тұздалған қияр

Барысы: Балалар 2 топқа бөлінеді. Үстел үстіне 2 бос банка қойылады. Балалар кезекпен банканың ішіне қияр, сарымсақ, ас көк, тұз, су құйып жарысады. Бірінші болып қай топ банканың қақпағын жапса сол топ жеңіске жетеді.

Би “Лялечка”

Жүргізуші: Келген қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлағандарыңызға рахмет. Біздің топ бүлдіршіндерінің сіздерге көрсетер кереметі әліде біткен жоқ. Қошеметтеріңізбен балаларымызды әсем қалпақтарымен қарсы алыңыздар. Қалпақтар шеруі

Жүргізуші: Жәрмеңке мен шеруге қатынасқан балаларымызға мадақтама қағазын табыстау үшін балабақша меңгерушісінің міндетін атқарушы Айгүл Түлкібайқызына сөз кезегін береміз.

Балаларды марапаттау







